

## ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (04.07.2013 3.жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) <http://www.zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html>

2 Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 16 қарадағы №521 бұйрығымен бекітілген <http://5s.ucos.ru/publ/2-1-0-13>

3 ЮНЕСКО статистикалық деректер қоры. <http://stats.uis.unesco.org/>

4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелері. [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31397997](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31397997)

5 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://ru.government.kz/resources/docs/doc18>

6 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары. – <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1100000130>

7 Вербовский Н.Ю. Российско-казахстанский опыт развития студенческого самоуправления в высших учебных заведениях/ / Лидерство и инновации в XXI веке: взгляд в будущее: материалы молодежного международного форума Россия-Казахстан. – Екатеринбург: Изд-во Уральского гос.эконом.ун-та, 2013. – С. 247.

8 Педагогика и психология высшей школы: оқу-құрал. – Ростов н/Д: Феникс, 2002.– 345 б.

9 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://ru.government.kz/resources/docs/doc18>

10 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 қаулысы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000873>

11 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысы. [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31397710](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31397710)

12 Слостенин В.А. және басқалары. Педагогика: жоғары пед. оқу орындары студенттеріне арналған оқу құрал /В.А. Слостенин редакциясымен. – М.: «Академия» баспа орталығы 2002. – 576 б.

13 <http://st.kspi.kz/docs> – ҚМПИ Жастар ісі жөніндегі комитетінің құрылымы

## ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ

*Толегенов Т.,*

*БІ. Алтынсарин атындағы АрқМПИ, Арқалық қ.*

Қашанда салауатты өмір салты туралы сөз болса, негізінен спорт және дене шынықтыру бірінші болып ауызға ілінеді. Бұл заңды құбылыс та. Себебі, дене шынықтыру немесе арнайы спорт түрімен ұдайы шұғылданушының сыртқы пішінінің өзі салауаттылық эталоны ретінде қабылданып жүр. Салауаттылық негіздерінің мектеп жасында қалыптасатындығын ескерсек және орта білім беру мекемесінде салауатты өмір салтын насихаттап, балалардың жан-жақты өсіп жетілуіне жағдай туғызып, қамқорлық жасау отбасы мен мектеп педагогикалық ұжымына міндеттелгенмен, басты орын дене тәрбиесі мұғаліміне берілетіндігі даусыз. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық серпіліс жағдайындағы құзырлығы жоғары, денсаулығы мықты өскелең ұрпақ тәрбиелеп шығару білім мекемелерінде жаңа тұрпаттағы ұстазды, соның ішінде дене тәрбиесі пәні мұғалімін қажет етеді. Басқаша айтсақ, қазіргі білім кеңістігіндегі ұстаз дене тәрбиесінің базалық мазмұнын сапа тұрғысынан жаңартуға көңіл бөліп, сабақ берудің оқытушылық, себеп салдарлық, және әлеуметтік негіздерін нығайтуды, нәтижеге бағытталған оқу үрдісін қалыптастыруды көздейтін шығармашыл педагог болуы керек.

Қоғам талабы мен әлеуметтік сұранысты қанағаттандыру үшін жанашыл ұстаздарға білім мазмұны мен оқыту мазмұнын жаңартып, білім беру процесін соны ой-әрекеттермен толықтыру мүмкіндігі берілген. Сондай іс-әрекеттің бірі – дене тәрбиесі пәні білім мазмұнын

жаңартуға дене тәрбиесі пәні мұғалімі авторлық бағдарлама жазу арқылы да қол жеткізе алады.

"Дене тәрбиесі" сабағы туралы жалпы ережеге бағына отырып, мектеп сабағы әр түрлі сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, оқу бағдарламасының мазмұнына, педагогикалық міндеттерді шешудің тұтастығына, оқу күнінің режиміне және сабақ кестесіндегі өзге де жалпы білім беретін пәндердің қатарында өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Мұның барлығы сабақ әдістерінде кейбір талаптарды сақтауды қажет етеді.

Әрбір сабақ тақырыптық жоспарға сәйкес алдын ала жоспарланған сауықтыру, іскерлік және тәрбиелік міндеттердің жүйесін шешуі керек. Сабақ міндеттерін анықтаған кезде нақты тақырыпты үйренуге бөлінген уақыт көлемін, оқу сатысын, оқушылардың білімділігін, дене дайындығының және олардың тәрбиелілік деңгейін, материалдық-техникалық жабдықтауын есепке алу керек. Міндеттерді айқындау нақты, қысқа және жоспарланған соңғы нәтижені анық, көрсететіндей болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушылардың өзара іс-қимылының мақсат бағыттылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сол сабақтың нәтижесінде оқушылар жинақтаған дене қабілеттерінің, дағдыларының және білімінің өсуі туралы бағалауға да мүмкіндік жасайды. Міндеттерді ұсынғанда жаттығушылардың танымдық мүмкіндігі және олардың, көп реттерде көңіл күйі мен қажеттілігі есепке алынады. Мысалы: төменгі сыныптарда міндеттер әдетте нақты түрде (тура жолмен жылдам жүгіруге үйрену), орта сыныптарда арнаулы атауларды ендірумен (қысқа қашықтыққа жүгіруде адым техникасымен таныстыру), жоғары сыныптарда танымдық белсенділікті арттыру түрінде (оқушылар қызметін белсенді ету) баяндалады. Бір сабақта жаңа материалды үйрену немесе бұрын игерілгенді жетілдірумен байлан-ысты 2-3 міндетті шешу ғана тиімді.

1. Оқу материалының құрамы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес келуі керек және көлемі тиімді болуы қажет (сабақтың ұзақтығы, оқушылар саны т.б.). Бағдарламадан тыс материал үйретудің жекелік мақсатында ғана міндетті емес, қосымша материал түрінде де ұсынылуы мүмкін.

2. Әрбір сабақ, ұйымдастырылу тұтастығымен және логикалық аяқталумен, педагогикалық міндеттердің бағыттылығымен, оқу материалының мазмұнына, бұрынғы және алдағы сабақтардың көлеміне және жеделділігіне байланысты болуы керек. Оның ішінде үйренетін тақырып деңгейіне ғана емес, оқу бағдарламасының тарауларына да тәуелді.

3. Үйрету мен тәрбиелеуде қолданылатын тәсілдер сабақтық міндеттерін есептей отырып ұсынылады. Мысалы, теориялық материал іс жүзінде жаңа болса немесе төменгі сынып оқушыларына баяндалатын болса, міндеттері – білімді түсінік деңгейінде қалып-тастыру және берік есте сақтау болса, онда фактілерді баяндау, түсініктерді анықтау немесе хабарларды жеткізу әдісі қолданылады. Егер міндет – шығармашылық ойлауды және жеке дара қабілеттерді дамытуды ұсынса, онда айтылғандармен байланыстырыла түсіндіру, оқушыларды қатыстыру (ілестіру) әдістері пайдаланады.

4. Сабақ кезінде оның мазмұнының барлық элементтері өзара тиімді байланысып, оқушыларға жан-жақты әсер етуі қажет. Мысалы, дене жаттығуларының мазмұны және қайталануы білімдік тиімділігін ғана емес, дене және адамгершілік қасиет-қабілеттерін, сезімталдықты дамытуы, танымдық қызығушылықты кеңейтуі, оны тереңдетуі керек, Оқу қызметін ұйымдастыру түрлерінің өзара іс-қимылы жекелік элементтерінің ұжымдық жұмысқа қосылуымен қамтылады (мысалы, жалпы дамытатын жаттығудың жеке екпінде орындалуы жаппай орындауда да қайталануы).

5. Сабақтың барлық кезеңінде кезекті жұмыстарға оқушылардың қозғалыс дайындығын қамтамасыз ету және бос болмауын қадағалау қажет, ол үшін жаттығулар арасындағы үзілістерде оқушылар жолдастарының бұрын бақыланбаған іс-қимылын талдау негізінде алдағы іс-әрекетті ойластыруға дайындалады. Өзара көмек көрсетуге, белсенді демалысты қамтамасыз ететін тапсырманы орындауға қатыстырылады. Оқушылар қызметін бұлай ұйымдастыру педагогикалық мүмкіндіктерді кеңейтіп, сабақта уақытты тиімді пайдалануға және тәртіптің сақталуына әсер етеді.

6. Әрбір сабақта ынталандыру мен реттеуді және ұйымдастыруды қамтитын оқушылар қызметін жедел басқару қамтамасыз етілуі қажет. Ол талдау, оқу тап-сырмасының орындалуын бағалау және жаттығушылардың өзіндік сезінуін есептей отырып денеге түсетін күшке организмнің реакциясы негізінде жүзеге асырылады. Оқушылар қызметін басқару оқу хабарларын белсенді қабылдауды ұйымдастырып, оқу материалының мазмұнын түсіну үшін танымдық белсенділік пен зейінді бірқалыты ұстауды қарастырады. Мұны жүзеге асырудың дидактикалық жағдайлары мынадай: сөзбен баяндаудың сапасы мен көрнекі құралдарды ұсыну; үйренушілердің зейіні төмендеген кезеңдес бақылау сұрақтарын пайдалану: түсіндіргеннен кейін, іле, жаппай сұрау; алынған білімді, қимылды іс жүзінде, үлгі бойынша стандартты емес жағдайда қолдану; бұрынғы тапсырма нәтижесінің тиімділігіне сәйкес денеге түсетін күш пен ойлау жүйесін реттеу. Сабақта оқушылар қызметін басқару ісіне мұғалімнің әсерлі жағдай туғызу ептілігі едәуір маңызды болмақ. Бұған оқушылардың жаттығуға қызығушылығы мен ықыласын, жаттығу" белсенділігін көрсету, деңгейін, көңіл-күйін, ырғағын, қарым-қатынас стилін, сөз мәнерін өзгерте білуін, ымдау белгілерінің айқындық дәрежесін, т.б. көптеген нәрселерді жатқызуға болады.

7. Сабақ барысында пайда болған танымдық немесе қозғалыс міндеттерін жеке-дара шешуге мүмкіндігі жоқ оқушыларға қажет болған жәрдемді қамтамасыз ету. Жәрдем тәсілдері мен мазмұны жаттығушылардың жеке ерекшеліктеріне (ой-өрісі, мінез-құлықтық), сабақтың міндеттері мен тапсырмаларды орындау күрделілігіне негізделген. Ойлау жүйесіндегі көмек үйрену іс-қимылының тәсілдерін алдын-ала немесе жолшыбай түсіндіру (қозғалыс міндеттерін шешу жоспарын қалай жасау, жаттығудың орындалу нәтижесін қалай талдау), қозғалыс қателернің себептері және оны болдырмау жолдары немесе түзету, жұмыс нәтижесін бағалау өлшемдері түрінде көрінуі мүмкін. Практикалық жаттығуларды орындауда ол бәрінен бұрын сақтандырумен тығыз байланыста болады. Мысалы: баспен тұрғанда аяқтан ұстап жәрдемдесу (немесе тап-сырманы орындаудың сыртқы жағдайларын жеңілдетуден көрінеді). Іс-әрекет актілерінде өзара қатынас тәсілдерін тандаудағы көмек көрнекі мысалдарды (үлгілерді) пайдаланғанда (мысалы, оқу жұмысының тиімділігіне мінездің қандай түрі қалай әсер етеді, жағымды өзара көмекке қатыстыру) жасау арқылы жүзеге асырылады. Көмектің уақытылы болуын және оның шегін анықтау өте маңызды. Артық не орынсыз жерде жасалынған көмек жаттығушыларға өзінің жеке мүмкіндіктері туралы жалған түсінік қалыптастырады. Ол жеткіліксіз және уақытында бағаламауға әкеліп соқтыруы мүмкін.

8. Оқушылардың оқу тапсырмасын орындау нәтижелері және белгіленген ережелерге мінез-құлықтарының сәйкестігі туралы уақытылы хабардар ету. Тапсырманың мазмұнына байланысты хабар жаттығушылардың қателерін болдырмау және қимылдарды жедел басқару мақсатына көмектесетін (мысалы, жаттығу техникасын меңгеруде, ойынға төрешілік етуде) немесе тапсырманы орындағаннан кейін қимылды талдау түрінде болуы мүмкін. Сабақты қорытындылағанда жетекші сұрақтар арқылы оқушыларды талдауға және атқарылған жұмыстың нәтижесін бағалауға, жеке дайындығы мен біліміндегі жетістік деңгейін дұрыс түсінуге ынталандыру, ұмтылдыру тиімді.

9. Сабақтың міндеті – дайындық деңгейі және жаттығуды орындау жағдайларыш есептей отырып, үй тапсырмалары жүйесін жасау. Мүмкін, болатын нұсқауларды, ұсынылған әдебиеттерді оқу, меңгерілген білімді іс жүзінде қолдану арқылы бекіту (мысалы, алдағы сабақтың міндеттеріне сәйкес жеке қыздырыну жаттығулары жүйесін құрастыру), сабақта үйретілген қозғалыс қимылдарының техникасын жетілдіру мақсатында жетекші жаттығуларды орындау, дене қабілеттерін дамыту үшін жаттығулар жиынтығын орындау, спорттық құрал-жабдықтарды алып жүруге дайындық жасау (шаңғы дайындығы үшін), сынақ сұрақтарының жеке карточкасын дайындау және т.б. Мұндай тапсырмалар әдетте бүкіл сыныпқа немесе шамамен бірдей дайындығы бар оқушылар тобына ұсынылады. Кейбір оқушыларға жеке тапсырмалар ұсынылуы мүмкін. Үй тапсырмаларының жалпы бағыттылығы кез келген жағдайда денсаулықты нығайтуға, дене дамуы мен дайындығын арттыруға, дайындықты жеке өткізу дағдыларын жетілдіруге, пән бойынша оқушылар үлгерімін арттыруға бағытталуы

қажет. Үй жағдайында тапсырманы орындау мүмкіндігіне және оларды орындауға бақылау жүйесін жасауды ойластыру да есепке алынады. Бақылаудың негізгі түрі мұғалімнің жәрдемімен жасаған тапсырамалар жүйесі арқылы тапсырманы орындауды үнемі тексеріп отыру болады. Нәтижелер мен көрсеткіштердің өсуі арнайы хаттамаларда немесе жеке карточкаларда бейнеленіп көрсетілуі керек.

Сабаққа даярлық. Сабақта педагогикалық міндеттер жиынтығын толық мәнінде шешу оған қатысуға тиісті оқушыларды тиянақты дайындағанда ғана мүмкін болмақ. Сабақты даярлаудың екі сатысы бар. Бірінші сатының мақсаты — сабақтың мазмұны мен оны өткізудің тиімді нұсқасын анықтау; тоқсандық жоспардағы оқу-тәрбиелік және сауықтыру міндеттерін нақтылау; алдыңғы сабақтың нәтижесін есептей отырып, сабақтың мазмұнын құрастыру; оқу тапсырмаларының жүйесін және жаттығулардың тәсілдерін таңдап алу; сабақтың кез келген сатысында кері байланыс тәсілдерін анықтау; дидактикалық материалды, құрал-жабдықтарды іріктеу; оларды сабақта пайдалану әдістері мен пайдаланылатын орнын анықтау; мұғалім мен оқушы қызметінің түрлері арасындағы оқу уақытын бөлу; сабақтың тиімді құрылымын, мұғалім қимылының реттілігін анықтау; үй тапсырмаларының мазмұнын құрастыру. Жоспарлаудың соңғы нәтижесі белгіленген талаптарға сәйкес жасалатын сабақ жоспарында көрсетіледі.

Сабаққа дайындықтың екінші сатысы оқу тапсырмаларын орындаудан, жұмыс орнын жабдықтау жөніндегі практикалық істен, құралдар мен жабдықтарды орналасу реттерін анықтаудан, оларды орналастырудан көрінеді. Ұсақ жабдықтардың техникалық арақашығы, секіру секторларындағы түсу (отыру) орны, ойын алаңдары мен жүгіру жолдары алдын ала тексеріледі. Гимнастикалық жабдықтардың берік бекітілуіне баса назар аударылады. Дидактикалық материалдар мен таратылып берілетін жабдықтардың орналасуы оларды пайдаланғанда көп уақыт жоғалтпайтындай болуы керек.

Мұғалім дайындығына: педагогикалық ғылым мен практиканың табыстарын пайдалану мақсатында сабақтың тақырыбы бойынша арнайы әдістемелік әдебиеттерді (оқулықтар, монография, журнал мақалалары, т.б.) оқып танысу, күнделікті сабақ жоспарын жасау, жеке қозғалыс дайындығына (қажетті дене жаттығулары, сақтандыру мен көмек тәсілдерін) алдын ала орындау, сонымен қатар сөйлеу, баяндау дайындығы да енеді.

Оқушылар дайындығы: алдағы болатын сабақ мазмұнының бағытымен, ерекшеліктерімен, олардың басты мақсаттарымен алдын ала танысу; үй тапсырмаларын ертерек орындау (құрылымы жөнінен сабаққа оқушыны дайындайтыш және бір үлгідегі жаттығуларды, алдағы тақырып бойынша әдебиеттерді оқу); сабаққа керекті дидактикалық материалды дайындау. Сабаққа өз жабдығын (мысалы, шаңғы, коньки) дайындау. Топ жетекшілері, мұғалімнің көмекшілері, төрешілер мен бақылаушылар әдістемелік жағынан нұсқаулар дайындайды.

Ұйымдастыру шараларына жататындар: санитарлық-гигиеналық жағдайларды қамтамасыз ету; сабақтың материалдық-техникалық қамтылуы; оқушылардың залда (алаңда) орналасуы және қозғалысы; оқу қызметінің ұйымдастырылуы- Санитарлық-гигиеналық жағдайды жасау дене жаттығуларымен айналысудың сауықтыру тиімділігін және жарақат алудан сақтандыруды қамтамасыз ететін шаралардың тұтас кешенін қарастырады (зал мен шешінетін орынды, жүгіретін жолдарды, секіретін ойын алаңдарыш әзірлеу). Жауапты оқушыларды алдын ала дайындау өте қажет (кезекшілер, жаттығудан уақытша босатылғандардың арасындағы жауапты оқушылар, т.б.). Тиісті жағдайларды қалыпты ұстау үшін жаттығушылар және уақытша босатылғандар арасынан кезекшілер тағайындаған дұрыс.

Материалдық техникалық жағдайды жасау, яғни оқу тапсырмаларын орындауға қажетті орын мен құрал-жабдықтарды даярлау сабақтың жүйелілігін арттыруға, оның алдында тұрған міндеттерді тез шешуге жәрдемдеседі.

Оқушыларды орналастырғанда мұғалім хабарын олардың толық мәнінде қабылдауына, оқу тапсырмаға сапалы орындауларына, жолдастарының қимылын өзара талдап, бағалауға, өзара көмек пен сақтандыруларға жағдай жасалуы керек. Оқушылардың белсенділігін және сезімталдығын арттыра отырып, сапқа тұрғызу, оларды таратып жіберіп қайта тұрғызу,

қозғалыс тәсілдерін өзгерту кеңістікте және уақыт бойынша бағдарлауды дамытуға, топтық қимыл дағдыларын, саналы тәртіп пен ұйымшылдықты қалыптастыруға көмектеседі.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Мектептегі дене шынықтыру. – Алматы. – 2004. – № 1, 7, 11.
2. Мектептегі дене шынықтыру. – Алматы. – 2006. – № 3, 9.
3. Мектептегі дене шынықтыру. – Алматы. – 2008. – № 4, 5.
4. Мектептегі дене шынықтыру. – Алматы, 2009. – № 1, 2.
5. Ізденіс журналы. – Алматы. – 1996. – № 4, 8.
6. Ізденіс журналы. – Алматы. – 1999. – № 1-3.
7. Ізденіс журналы. – Алматы. – 1999. – № 4-5.
8. Физическая культура в школе. – М. – 2008. – №6.
9. Физкультура в школе. – Алма-Ата. – 2008. – №5.
10. Физкультура в школе. – Алма-Ата. – 2009. – №1.

### СОДЕРЖАТЕЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ВОСПИТАТЕЛЬНОГО МЕНЕДЖМЕНТА В ВУЗЕ ИСКУССТВА

*Хусаинова Г.А., Сармолдаева А.Т.,*

*Казахский национальный университет искусств, г.Астана*

Общеизвестно, что мировой экономический кризис, распространение религиозного экстремизма выявили недостаточную готовность молодежи к актуальным вызовам и переменам в социально-экономической и общественно-политической жизни казахстанского общества. Соответственно, роль молодежной политики, воспитательного менеджмента актуализируется в современной высшей образовательной системе.

С обретением независимости Республики Казахстан в области государственной образовательной политики значительное место отводится решению проблем воспитания подрастающего поколения, которое осуществляется в сложных условиях затянувшегося экономического и социокультурного кризиса, что вызывает значительное ухудшение социального самочувствия молодежи и способствует снижению уровня ее социального оптимизма и активности. Особенно обостренно данные тенденции проявляются в среде современного студенчества как наиболее интеллектуальной части молодежи, непосредственно готовящейся к началу самостоятельно социальной и профессиональной жизни, нуждающейся также в воспитательном менеджменте как особой системе управления (организацией) данным видом деятельности в вузе.

Поэтому с первых же дней независимости РК особое внимание руководства страны уделяется вопросам молодежной политики. Сегодня, молодежь – это одна из самых организованных, социально-активных слоев населения, она объективно является генератором новых идей, жизненной силой и энергией общества. Она не просто будущее страны, это ее настоящее, поэтому воспитательный менеджмент осуществляется в целях создания социально-экономических, правовых, организационных условий и гарантий для духовного, культурного, образовательного, профессионального становления физического развития студенчества, раскрытия ее интеллектуального и творческого потенциала в интересах всего общества.

Основным нормативным правовым документом, регулирующим сферу отношений государства и молодежи в Республике Казахстан, является Закон «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан» № 581 от 7 июля 2004 года, в котором определены его цели, задачи, направления, а также механизмы государственной поддержки молодежи, ее социальные и политические права. Действующее законодательство о государственной молодежной политике выделило также основные задачи, среди которых защита прав и законных интересов молодежи; предоставление помощи и социальных услуг молодежи; реализация